

INFINITY

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

KZ



ІШКЕ ОРНАТЫЛАТЫН ШЫНЫКЕРАМИКАЛЫҚ ПІСІРГІШ ПАНЕЛЬ

Құрметті сатып алушы!



Сізге біздің бұйымдарымызды сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз және олардың сенімділігіне көз жеткізе аласыз деген үміттеміз.

Пісіргіш панельді пайдаланудан сіз рақат аласыз деген ниеттеміз.

Арналуы

Пісіргіш панель үй жағдайында тағам әзірлеуге арналған.

Нұсқаулық

Осы нұсқаулық сіздің жаңа пісіргіш панеліңізбен тезірек танысуға мүмкіндік береді. Аспапты пайдаланбас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Нұсқаулық пен басқа да қоса берілген құжаттаманы міндетті түрде сақтап қойыңыз. Аспапты жаңа иесіне берген кезде онымен қоса осы құжатты да беруді ұмытпаңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық тұтынушыға арналған. Оның мазмұнында пісіргіш панель мен оны басқару жолдары суреттелген. Нұсқаулық аспаптардың бірнеше түріне арналып әзірленген, сондықтан оның мазмұны сіздің моделіңізде кездеспейтін жекелеген функциялардың суреттемесін қамтуы мүмкін.

Қосу жөніндегі нұсқаулық

Қосу «Пісіргіш панельді электр желісіне қосу» бөліміне сәйкес, сондай-ақ қолданыстағы ұйғарымдарға және стандарттарға сәйкес жүргізіледі. Қосуды тек біліктілігі бар маман жүргізе алады.

Зауыттық тақтайша

Аспаптың негізгі деректері бар зауыттық тақтайша пісіргіш панельдің астыңғы бөлігінде орналасқан. Зауыттық тақтайшадағы деректердің мағынасын «Техникалық деректер» бөлімінен таба аласыз.

Сервистік қызмет көрсету

Сіз өз бетіңізше жөндей алмайтын ақаулар («Ескертулер және қателерді көрсету» бөлімін қараңыз) пайда болған жағдайда, рұқсаты бар сервистік орталыққа жолығыңыз. Рұқсаты бар сервистік орталықтар тізімін «Кепілдік міндеттемелер» брошюрасынан және www.gorenje.ru сайтынан қарай аласыз.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	5
Тасымалдау кезіндегі бұлінулер	5
Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар	5
Адам қауіпсіздігі	6
Қаптаманы кәдеге жарату.....	6
Қызмет ету мерзімі аяқталған аспапты кәдеге жарату	6
АСПАПТЫҒ СУРЕТТЕМЕСІ	7
КОНФОРКАЛАР	8
Алғашқы рет қолданар алдында	8
Маңызды нұсқаулар.....	8
Ыдыс	9
Электр энергиясын үнемдеу жөніндегі кеңестер	9
КОНФОРКАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ	10
Екі конфоркалы плитаның реттегіштері	11
Бақылау лампалары.....	11
Сигналдық ескертпе лампалар (тек кейбір модельдерде).....	11
ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ	12
Күтім	12
Тазалау	12
ОРНАТУ	14
Маңызды ескертулер	14
Көбікті төсемді орнату	15
Монтаждау ойығының өлшемдері	16
Монтаждау процесі	16
ПІСІРГІШ ПАНЕЛЬДІ ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ	17
Маңызды нұсқаулар.....	17
Қосу сұлбасы.....	18
ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ	19
Зауыттық тақтайша	19

Тасымалдау кезіндегі бүлінулер

Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар

Пісіргіш панельді қораптан шығарыңыз да, тексеріп шығыңыз. Тасымалдау кезіндегі бүлінудерді байқаған жағдайда, пісіргіш панельді қоспай, оны сатып алған сауда ұйымына жолығыңыз.

Орнату және қосу

- Аспапты асүйлік жиһаз элементінің ішіне орнатуды және оны электр желісіне қосуды тек білікті маман ғана жүргізе алады. Өндіруші қате қосуға және монтаждауға байланысты болуы мүмкін ақаулар үшін жауапты емес. Мұндай ақауларға кепілдіктер берілмейді.
- Пісіргіш панель асүйлік жиһаздың элементтерінің арасына орнатыла алады, ол кезде олардың біреуі пісіргіш панельден биік, ал екіншісі оның биіктігімен бірдей болуы мүмкін.
- Электрлі аспаптардың қосушы кабельдері ыстық конфоркаларға тимеуі керек. Қысқаша тұйықталу қаупі бар!

Ыстық сарымай және май

- Қатты қызған май тұтанып кетуі мүмкін, сондықтан көп мөлшердегі сарымайды және майды пайдаланатын тағамдарды (мысалы, фри картобын) үнемі бақылай отырып әзірлеңіз. Күйіп қалу және өртену қауіптілігі бар!
- Егер май тұтанып кетсе, жалынды сумен сөндірмеңіз. Ыдысты қақпақпен немесе тәрелкемен жабыңыз. Конфорканы ажыратыңыз. Ыдысты конфорканың үстінде сууы үшін қалдырыңыз.

Конфоркалар

- Пісіргіш панель бөлмені жылытуға арналмаған. Ыстық конфорканың үстіне бос ыдысты қоймаңыз.
- Ыдыстың түбі мен конфорканың беті жылуды жақсы өткізуі үшін және пісіргіш беттің бүлінуін болдырмау үшін үнемі таза және құрғақ болуы керек.
- Аспаптың астында тез тұтанатын заттарды, мысалы, тазалағыш құралдар немесе аэрозольдарды, сақтамаңыз. Өртену қауіптілігі бар!

Бүлінулер

- Қант пен тәтті тағамдар шыныкерамикалық бетті қатты бүлдіруі мүмкін, сондықтан беттің бүлінуін болдырмас үшін оларды дереу, пісіргіш бет әлі суымаған болса да, қырғышпен кетіріп тастаңыз.
- Пісіргіш панельді жұмыс үстелі ретінде пайдаланбаңыз. Өткір заттар шыныкерамиканы сырып тастауы мүмкін.
- Түбі кедірлі ыдысты пайдаланбаңыз, себебі ол шыныкерамикалық бетті сырып тастауы мүмкін.

- Пісіргіш панельдің үстінде тағамды жұқа алюминийлі ыдыста және фольгада, сондай-ақ пластикалық ыдыста дайындамаңыз. Бұл материалдар балқып, пісіргіш панельді бүлдіруі мүмкін. Пісіргіш панельге пластик заттарды және алюминийлі фольганы қоймаңыз.
- Шытынаған және сынған пісіргіш панельді пайдаланбаңыз. Жарықтарды байқаған жағдайда аспапқа қосылған сақтандырғышты сөндіріп, аспаты дереу электржелісінен ажыратыңыз да, сервистік орталыққа жолығыңыз.
- Пісіргіш панельді тазалау үшін қысымы жоғары тазартқыштарды және бу үрлегіш тазартқыштарды пайдаланбаңыз, себебі бұл қысқаша тұйықталуды тудыруы және электр тоғының соғуына ұшыратуы мүмкін.
- Ақаулар пайда болған жағдайда аспапты дереу электр желісінен ажыратыңыз да, сервистік орталыққа қоңырау шалыңыз.
- Кепілдік қолданылатын мерзім ішінде жөндеу мен бөлшектерді айырбастауды тек рұқсаты бар сервис орталығының маманы ғана жүргізе алады. Аспапты бүлдіріп алмау үшін және харақаттанып қалмау үшін техниканы өз бетіңізше жөндемеңіз. Дұрыс жөндемеу пайдаланушыға келетін қауіптің себебіне айналуы мүмкін. Қысқаша тұйықталу және электр тоғының соғу қауіптілігі бар!

Адам қауіпсіздігі

- Балаларды жұмыс істеп тұрған пісіргіш панельдің қасында қараусыз қалдырмаңыз. Күйіп қалу қауіптілігі бар!
- Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеңіз.
- Қаптау материалы (пенка, пенопласт және т.б.) балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Тұншығып қалу қауіпі бар! Қаптаманы балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Аспап қауіпсіздік саласындағы барлық алдын ала жазылған стандарттарға сай келеді, бірақ оған қарамастан мүмкіндіктері және психикалық қабілеттері шектеулі жандардың аспапты пайдалануға, сондай-ақ оны пайдалану үшін тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдарға тек жеке қадағалаумен ғана рұқсат етіледі. Бұл ұсыныстар балаларға да қолданылады.

Қаптаманы кәдеге жарату

- Қаптама экологиялық таза материалдардан жасалған, оларды қоршаған ортаға зиян келтірмей-ақ қайта өңдеуге, қалдықтарды сақтауға арналған арнайы полигондарда сақтауға және кәдеге жаратуға болады. Қаптама материалдарының тиісті таңбалары бар.


Қызмет ету мерзімі аяқталған аспапты кәдеге жарату

- Қызмет ету мерзімі аяқталған бұйымды пайдалануға жарамсыз етіп қою керек. Бұл үшін пісіргіш панельді электр желісінен ажыратып, қосу кабелін қиып тастаңыз, себебі ол ойнап жүрген балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.



Бұйымдағы немесе оның қаптамасында көрсетілген таңба оның тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратылуға жатпайтынын көрсетеді. Бұйымды кезекті кәдеге жарату үшін электрондық және электр жабдықтарын қабылдайтын тиісті жерге өткізу керек. Бұйымды кәдеге жарату ережелерін сақтай отырып, сіз қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына осыған ұқсас қалдықтарды лайықсыз қолдану салдарынан келтірілуі мүмкін зиянның алдын алуға көмектесесіз. Бұйымды кәдеге жарату жөнінде толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті билікке, қалдықтарды шығару және кәдеге жарату қызметіне немесе бұйымды сатып алған дүкенге жолығыңыз.

АСПАПТЫҢ СУРЕТТЕМЕСІ



1. Артқы сол жақ конфорка
2. Алдыңғы сол жақ конфорка
3. Белгі жарықтары
4. Алдыңғы оң жақ конфорка
5. Артқы оң жақ конфорка
6. Басқару панелі

Алғашқы рет қолданар алдында

Маңызды нұсқаулар

Шыныккерамикалық бетті ылғал шүберекпен және ыдысты қолмен жууға арналған құралдың біраз мөлшерімен тазалаңыз.


Агрессивті және қажайтын тазалау құралдарды, ыдысты жууға арналған дерекі губканы, татты жоюға арналған құралдарды, дақ кетіргіштерді пайдаланбаңыз.

- Конфорканың температурасы қыздырушы элементті қосу және ажырату арқылы реттеледі. Қыздырушы элемент қосулы болған кезде, қызыл жарық көрініп тұрады, ажыратулы болған кезде жарық жоқ. Қызу деңгейі төмен болған кезде қыздырушы элемент - жиі, қызу деңгейі жоғары болған кезде - сирек ажырайды.
- Конфоркаларды бөлмені жылыту үшін қолданбаңыз. Конфоркаларды үстіне ыдыстарды қоймай қоспаңыз. Ыдыс түбінің диаметрі конфорканың диаметріне сәйкес болуы тиіс. Ыдыстың диаметрі кішкентай болған кезде конфорка бүлініп қалуы мүмкін.
- Ыдыстың түбі мен конфорканың беті жылуды жақсы өткізуі үшін және пісіргіш беттің бүлінуін болдырмау үшін үнемі таза және құрғақ болуы керек.
- Пісіргіш панельге сулы ыдысты және ылғал қақпақты қоймаңыз. Ылғал конфорканы бүлдіруі мүмкін.
- Ыстық ыдысты пайдаланылмай тұрған конфоркалардың үстіне қойып суытпаңыз, себебі ыдыстың табанының астында конденсат пайда болады, ал бұл ыдыстың түбінің шіруіне әкеп соғуы мүмкін.

Шыныккерамикалық бет

- Конфоркалар белгіленген қызу деңгейіне дейін тез қызады, осы кезде конфоркалардың айналасындағы аумақ жылы болуы мүмкін.
- Шыныккерамикалық бет температуралық өзгерістерге төзімді: сіз оның үстіне ыстық ыдысты және т.б. қоя аласыз.
- Шыныккерамика берік материал болып табылады, бірақ нүктелі соққыға төзімді емес, сондықтан оған қатты және өткір заттардың құламауын қадағалаңыз, себебі олар шыныккермиканы бүлдіруі мүмкін.
- Пісіргіш панельді жұмыс үстелі ретінде пайдаланбаңыз. Өткір заттар оның бетін сырып тастауы мүмкін.

Ыдыс



Ыдысты пайдалану жөніндегі кеңестер


Жайпақ, тұрақты түбі бар сапалы ыдысты пайдаланыңыз.

- Ыдыс түбінің диаметрі конфорканың диаметріне сәйкес келген жағдайда және ыдыс конфорканың ортасына орнатылу болған кезде жылу өткізу қасиеті аса тиімді болады.
- Отқа төзімді және термотөзімді әйнектен немесе фарфордан жасалған ыдыста әзірлеген кезде ыдыс өндірушісінің нұсқауларын ұстаныңыз.
- Тез пісіргіште әзірлеген кезде әзірлеу процесін тиісті қысымға қол жеткізілгенше үнемі бақылап отырыңыз. Алдымен, конфорка максималды қуатта жұмыс істеуі керек, содан кейін, тезпісіргіш өндірушісінің ұсыныстарын сақтай отырып, конфорканың қызу деңгейін уақытылы азайтыңыз.
- Ыдыс ішіндегі сұйықтықтың үнемі жеткілікті мөлшерде болуын қадағалап отырыңыз. Бос ыдыстың қызу салдарынан пісіргіш панель қатты қызып кетуі мүмкін, соның нәтижесінде ыдыс пен панельдің өзі бүлінеді.
- Жылыратылған түбі бар отқа төзімді әйнектен жасалған ыдыс түбінің диаметрі конфорканың диаметріне сәйкес келген жағдайда оны пісіргіш панельде пайдалануға болады. Түбінің диаметрі үлкен ыдыс шытынап кетуі мүмкін.
- Ерекше ыдысты пайдаланған кезде, сол ыдыстың өндірушісінің ұсыныстарын сақтаңыз.
- Шыныкерамикалық панельдің үстінде жылу қайтаратын қасиеті бар ыдыста тағамды әзірлеген кезде (мысалы ашық түсті металл түбі немесе түбі қалың болған кезде қайнау уақыты бірнеше минутқа дейін артып кетуі мүмкін (мөлшермен 10 минутқа). Егер мөлшері көп сұйықтықты қайнату қажет болса, онда түбі қара тегіс ыдысты пайдаланғаныңыз жөн.
- Қыш ыдысты пайдаланбаңыз, себебі ол шыныкерамикалық бетті сырып тастауы мүмкін.

Электр энергиясын үнемдеу жөніндегі кеңестер

- Ыдыс түбінің диаметрі конфорканың диаметріне сәйкес болуы тиіс. Ыдыстың диаметрі кішкентай болған кезде энергияны тұтыну артады да, конфорка бүлініп қалуы мүмкін.
- Тағамды әзірлеу рецептінде рұқсат етілген жағдайда, ыдысты қақпақпен жауып қойыңыз. Қақпақтың көлемі ыдыс көлеміне сәйкес болуы тиіс.
- Ыдыс дайындалып жатқан тағамның мөлшеріне сәйкес болуы тиіс. Үлкен ыдыста аз мөлшердегі тағамды әзірлеу электр қуатының артық жұмсалыуына әкеп соғады.
- Ұзақ уақыт әзірленуді қажет ететін тағамдарды тезпісіргіште дайындаңыз.
- Көкөністерді шағын мөлшердегі суда пісіріңіз. Мұндай тәсілмен өнімдер әдеттегіден жылдамырақ піседі, дегенмен, бұл кезде ыдыстың қақпағы тығыз жабулы болуы керек. Қайнағаннан кейін конфорканың қуатын баяу қайнайтын күйге дейін азайтыңыз.


КОНФОРКАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ



- Конфоркаларды басқару панеліне орнатылған ауыстырып-қосқыштардың көмегімен іске қосыңыз.
- Ауыстырып-қосқыштардың жанындағы символдар әрбір ауыстырып-қосқышпен қандай конфорканың реттелетінін көрсетеді.
- Конфорканы қыздыру қуатын, сондай-ақ үздіксіз режимге қоюға болады (1-9).
- Қалған жылуды пайдалану және энергияны үнемдеу үшін конфорканы ас әзірлеуді аяқтаудың алдында 3-5 минут бұрын өшіріп қоюға болады. (төмендегі кестеде жекелеген қуат деңгейлерін пайдаланудың бірнеше мысалдары келтірілген).

Е	
0	Конфорка өшірулі
1-2	Температураны ұстап тұру және аз мөлшердегі асты қайталап ысыту
3-4	Қайталап жылыту
5-6	Қайталап жылыту немесе көп мөлшердегі асты ұзағырақ әзірлеу
7	Бірізді әзірлеу / қуыру (мысалы, омлеттер және т.б.)
8	Жақсылап қуыру
9	Тез ысыту

Екі конфоркалы плитаның реттегіштері



Екі конфоркалы плитаның реттегішінің қалыпты айналуында негізгі (ішкі) конфорка активтендіріледі. Егер сіз барлық конфоркалардың активтенгенін қаласаңыз, ауыстырып-қосқышты сандардан кейін орналасқан символға қарай бұраңыз, содан кейін «шертпек» естисіз, ары қарай оны қайтадан керекті қалыпқа бұраңыз. Барлық конфоркалар ауыстырып-қосқышты артқа қарай «0» қалпына айналдыру жолымен өшіріледі.

Сигналдық ескертпе лампалар



Ас әзірлеуге арналған плитаның шыны-керамикалық конфоркалары панелінің алдыңғы жағында сигналдық ескертпе лампалармен жабдықталған. Егер жеке сигналдық ескертпе лампа жанатын болса, онда бұл тиісті конфорканың қатты қызғанын (күйіп қалу қаупі) білдіреді. Конфорканы өшірген кезде сигналдық лампа конфорканың 50 °С-ге дейін суығанына шейін жанып тұратын болады.

Пісіргіш панелді тазалау үшін қысымы жоғары тазартқыштарды және бу үрлегіш тазартқыштарды пайдаланбаңыз, себебі бұл қысқаша тұйықталуды тудыруы және электр тоғының соғуына ұшыратуы мүмкін.


Күтім

Шыныкерамикалық бетке үнемі күтім жасау үшін шыныкерамикалық бетке кірден қорғайтын пленканы түзетін арнайы құралдарды пайдаланыңыз.




Арнайы тазалау құралдарын өндірушілердің нұсқауларын ұстаныңыз.

Тазалау




1-сур

Шыны-керамикалық конфорканы әр пайдаланғаннан кейін, оның суығанын күтіңіз, және оны тазалаңыз; әйтпесе аспапты келесі қолданған кезде тіпті тағамның кішкентай қалдықтары қызған беттің үстінде жанатын болады. **Шыны-керамикалық бетті әрдайым тазалау және техникалық қызмет көрсету үшін** оны кірден қорғай отырып, бетке қорғаныс қабатын түзетін **арнайы кондициялайтын құралдарды қолданыңыз.** Әр пайдаланар алдында олардың бетті сызып айғыздауы мүмкін болғандықтан, конфорканың бетін, табаның түбін шаңнан немесе ұсақ бөлшектерден тазалаңыз. (1-сурет).



2-сур

Байқаңыз: болат жөке, қатты губкалар мен абразивті жуу құралдары плитаның бетін сызып айғыздауы мүмкін. Шыны-керамикалық бетті сонымен қатар агрессивті аэрозольдер мен лайықсыз немесе жеткілікті түрде сілкіленбеген (араласпаған) сұйық тазалау құралдары бүлдіруі мүмкін. (1-сурет және 2-сурет). **Жазулар мен белгілеулер** агрессивті немесе абразивті тазалау құралдарын немесе түбі бүлінген ыдысты қолданғанда өшіп қалуы мүмкін (2-сурет).



3-сур

Қарапайым дақтарды жұмсақ сулы шүберектің көмегімен кетіруге болады, содан кейін бетті құрғатып сүрту керек. (3-сурет).

Сұйықтықтың дағын сірке қышқылының әлсіз ерітіндісінің көмегімен кетіруге болады; бірақ бұл ерітіндіні жиіктерді тазалауға қолданбаңыз. (тек кейбір модельдер үшін, әйтпесе күңгірттенуі мүмкін). Агрессивті аэрозольдерді немесе күйдіретін құралдарды пайдаланбаңыз (3-сурет).



Күрделірек дақтарды шыны-керамикалық плиталарды тазалауға арналған арнайы құралдар мен аспаптардың көмегімен кетіруге болады. Бұл құралдарды пайдаланғанда шығарушының ұсынған нұсқауларын сақтаңыз.

Конфоркалар қызғанда, олар плитаны бүлдіретіндіктен, жуу құралдарының барлық қалдықтарының толық кеткеніне көз жеткізіңіз. (3-сурет).

Қиын кететін және күйген қалдықтарды қырғыштың көмегімен кетіріңіз. (4-сурет).



4-сур



5-сур

Қырғышты қолданғанда жарақат алудан абай болыңыз.

- ⚠ Қырғышты тек ластануды сулы шүберектің немесе шыны-керамикалық беттерге арналған арнайы құралдардың көмегімен кетіру мүмкін болмаған жағдайда ғана қолданыңыз.
- ⚠ Қырғышты дұрыс бұрыштап ұстаңыз (45° -тан 60° -қа дейін). Қырғышты абайлап қысыңыз және кірді тазалай отырып, оны жазулардың арасынан өткізіңіз. Қырғыштың пластикалық тұтқасы (кейбір модельдер үшін) ыстық конфоркаларға тимейтініне көз жеткізіңіз.
- ⚠ Қырғышты шыныға перпендикуляр қыспаңыз және плитаның бетін оның ұшымен немесе жүзімен сызып алмаңыз.

Қант пен тәтті тағам шыны-керамикалық бетті қатты бұлдіруі мүмкін. (5-сурет); сәйкесінше, конфоркалар ыстық болып тұрса да, оларды беттен барынша жылдамырақ кетірген жөн (4-сурет).

Шыны-керамикалық плитаны бетті сызып айғыздамайтын жұмсақ матаның және жұмсақ губканың көмегімен тазалаңыз.

Шыны-керамикалық беттің түсінің қандай да бір өзгерісі

плитаның жұмысына немесе оның төзімділігіне әсер етпейді. Түстің мұндай өзгеруі көп жағдайларда күйген тағам қалдықтарының немесе алюминий не мыс сияқты материалдардан жасалған ыдысты қолданудың нәтижелері болып табылады; мұндай дақтарды кетіру қиынға соғады.

Ескерту: Жоғарыда аталған барлық бүлінулер, көбінесе, эстетикаға, яғни аспаптың сыртқы түріне жатады, және оның жұмыс істеуіне тікелей әсер етпейді. Мұндай қателіктердің кепілдік міндеттемелеріне қатысы жоқ.

Маңызды ескертулер

- Аспапты ас үйдегі үстелдің үстіңгі тақтайына орнатуды және оны қорек көзіне жалғауды тек білікті маманның көмегімен орындауға болады.
- Плита ішіне қойылатын ас үй жиһазының бөлігінің шере қаптауы мен басқа еңдеуі, қызуға шыдамды (100 °С) желіммен желімделуі тиіс; әйтпесе үстелдің үстіңгі тақтайының жиһазы түсінен айырылуы немесе деформациялануы мүмкін.
- Ас үй плитасының өлшемдері ені 600 мм және одан да көп ас үй жиһазы бөлігінің үстіндегі тақтайға орнатуға лайықты болады.
- Орнатқаннан кейін алдыңғы екі бекіту элементі төменнен оңай қол жетімді болуы тиіс.
- Ілінетін немесе қабырғалық ас үй заттарын жұмыс үдерісіне бөгет жасамауы үшін, оларды барынша биік орнатқан жөн.
- Ас үй плитасы мен сорып шығару құрылғысының ара қашықтығы ас үй плитасын орнату бойынша нұсқауда көрсетілгеннен кем болмауы тиіс. Ең аз ара қашықтық 650 мм-ге тең.
- Аспаптың шеті мен ас үй жиһазының көршілес биік заттарының арасындағы ара қашықтық 40 мм-ден кем болмауы тиіс.
- Егер ең аз ара қашықтық орнату суреттерінде көрсетілгендей болып қалатын болса, ас үй плитасының артындағы тақтайға үлкен ағаш декоративті плиталарды немесе панельдерді қолдануға рұқсат етіледі.
- Кіріктірме ас үй жиһазы мен артқы қабырға арасындағы ең аз ара қашықтық орнату суретінде көрсетілген.

Ас үйлік үстелге жабдықты орнату алдында шыныкерамикалық (шыны) плитаның астыңғы жағына көбікті төсемді желімдеп жабыстыру керек (суретті қараңыз).

Жабдықты төсемсіз орнатуға тыйым салынған!

Төсемді жабдыққа мынадай жолмен орнату керек:


- төсемнің қорғаныш үлдірін алып тастау керек,
- төсемді шынының астыңғы бетіне суретте көрсетілгендей етіп жапсыру керек (шыны шетінен 2-3 мм алшақ), төсем шыны шетінің бүкіл бойына желімделген болуы тиіс.

Төсемнің бұрыштары айқасып тұрмау керек.


- төсемді орналастырған кезде шынының басқа бір өткір затқа тиіп тұрмауын қадағалау қажет.

ЕСКЕРТПЕ

Кейбір жабдықта төсемдер орнатылып қойған болады!




Монтаждау ойығының өлшемдері



- Ас үй плиталарын 30-дан 50 мм-ге дейінгі қалыңдықтағы үстелдің үстіңгі тақтайына орнатуға болады.
- Плита астындағы ас үй жиһазының затын жылжымалы жәшікпен орнатпаған жөн. Көлденең қалқа түріндегі ас үй жиһазының затын үстелдің үстіңгі тақтайының төменгі бетінен 60 миллиметрден кем емес ара қашықтыққа орнатқан жөн. Қалқа мен плита арасындағы кеңістік бос болуы тиіс; бұл алаңда ешқандай зат болмауы тиіс.
- Жиһаздың артқы қабырғасында жиһаз затының бүкіл ені бойынша ені 175 мм-лік ойық болуы тиіс.
- Тек салқындатқыш желдеткішпен жабдықталған EVP4..,EVP2.., модельдеріндегі пештерді ғана берілген ас үй плитасына орнатуға болады.

Монтаждау процесі



- Асүйлік жиһаздың үстіңгі беті тегіс және көлденең болуы тиіс.
- Кесілген жердің бүйірлерін ылғал мен кірден қорғау үшін тиісінше герметизациялау керек.
- Қоса берілетін бекіткіш элементтерді (4x – SVK6...600мм; 6x – SVK7...750мм; 6x – SVK8...850мм) винтерімен бірге (4x – SVK6...600мм; 6x – SVK7...750мм; 6x – SVK8 850мм) ас үйлік плитаның, алдын ала дайындалған саңылауын пайдаланып, сол және оң жақ қабырғасына бекіту қажет.
- Пісіргіш панельді электржелісіне қосыңыз («Пісіргіш панельді электржелісіне қосу» бөлімін қараңыз).
- Пісіргіш панельді монтаждау ойығына орнатыңыз да, оны үстінен үстіңгі бетке қысыңыз.
- Бекіткіш қапсырманы бұрап бекіту үшін ұзындығы 6,5 мм-ден астам винттерді пайдалануға тыйым салынады.


Маңызды нұсқаулар

- Аспапты электржелісіне қосуды және жалғаушы кабельді ауыстыруды тек сервистік орталық немесе біліктілігі бар маман жүргізе алады.
- Электржелісіне қосу қорғанышы қолданыстағы ұйғарымдарға сәйкес болуы тиіс.
- Қоспай тұрып, зауыттық тақтайшада көрсетілген кернеудің желідегі нақты кернеуге сәйкес келуін тексеріп алыңыз.
- Аспаптың негізгі деректері бар зауыттық тақтайша пісіргіш панельдің астыңғы бөлігінде орналасқан.
- Клеммаларға қол жеткізу үшін клеммалық қалыптың қақпағын ашыңыз.
- Пісіргіш панельді электржелісіне қосқан кезде барлық түйіспелерді ажырататын және ажыратулы түйіспелердің арасында кемінде 3 мм қашықтығы бар ажыратушы құрылғыны қарастыру қажет. Сақтандырғыштар, тоқтың қорғаушы ажыратып-қосқыштары және т.б. келеді.
- Қосу сақтандырғыштардың мүмкіндіктері мен электржелісінің тоқтық жүктемелерін ескере отырып орындалуы керек.
- Пісіргіш панель асүйлік жиһаздың элементтерінің арасына орнатыла алады, ол кезде олардың біреуі пісіргіш панельден биік, ал екіншісі оның биіктігімен бірдей болуы мүмкін.
- Монтаждаудан кейін тоқ өткізетін және оқшауландырылған бөлшектерге тиюден толық қорғанышты қамтамасыз ету қажет.
- Монтаждау кезінде кабельдің қысылып қалмауын және өткір жиектерге тимеуін қадағалаңыз.
- Көршілес қосылған электрлі аспаптардың қосушы кабельдері ыстық конфоркаларға тимеуі керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кез келген араласу алдында аспапты электржелісінен ажыратыңыз.
- Желі кернеуіне байланысты пісіруші панельді сұлбаға сәйкес қосыңыз. Жерге қосу қорғаушы сымды (PE) жерге қосу таңбасымен белгіленген клеммаға қосыңыз.
- Қосушы кабельді міндетті түрде, кабельдің артық созылуына жол бермейтін қысқыштар арқылы өткізіңіз.
- Аспап жақтан шығатын қорғаушы жерге қосу сымы қалғандарынан ұзынырақ болуы тиіс.
- Қосқаннан кейін барлық қыздырушы элементтердің жұмыстарын тексеру үшін оларды 3 минутқа қосыңыз.

- Дұрыс қоспау аспаптың бөлшектерінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Бұл жағдайда сіз кепілдемелік қызмет көрсету құқығынан айырыласыз!
- Қоспай тұрып, зауыттық тақтайшада көрсетілген кернеудің желідегі нақты кернеуге сәйкес келуін тексеріп алыңыз. Желідегі қосылатын кернеуді (N-ға 230 В) маман өлшеуіш құралының көмегімен тексеруі тиіс!
- Аспаптың артқы жағындағы қосушы кабельді пісіргіш панельдің артқы қабырғасына тимейтіндей етіп жазыңыз, себебі аспап жұмыс істеп тұрған кезде ол қызады.




Ескертпе!

Жалғастырғыштар клеммалық қалыптың ішінде жатыр. Клеммалардың винттері бұрап шешілген, сондықтан оларды бұрап шешудің қажеті жоқ. Винттерді бұрап қатайтқан кезде әлсін шертілу естіледі: бұл винттің берік қатайтылуы қажет екенін білдіреді.

Қосу үшін мыналар пайдаланылуы мүмкін:

- H05RR-F 4x1,5 типті сары-жасыл қорғаушы сымы бар резеңкелі қосушы кабельдер,
- сары-жасыл қорғаушы сымы бар H05VV-F 4x1,5 типті ПВХ оқшауландырылған қосушы кабельдер, сондай-ақ басқа да тең кабельдер немесе сапасы өте жоғары кабельдер.

Зауыптық тақтайша



- A Сериялық нөмірі
- B Артикул
- C Моделі
- D Типі
- E Сауда белгісі
- F Техникалық деректері
- G Сәйкестік таңбалары

ӨНДІРУШІ АСПАПТЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ӘСЕР
ЕТПЕЙТІН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛЫП ҚАЛАДЫ.

Аспапты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мынадай сайттан да
таба аласыз: www.gorenje.ru/ <<http://www.gorenje.ru/>>

www.gorenje.com

INFINITY

EAC



SVK65ES



504621

kk (12-15)